

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 тамыздағы № 955 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ «Өсімдіктер карантині туралы»
Қазақстан Республикасының Заңына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»**

1-бап. «Өсімдіктер карантині туралы» 1999 жылғы 11 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 140-құжат; 2004 ж., № 17, 98-құжат; № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 18, 84, 85-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., №1, 2, 7-құжаттар; № 11 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 жылғы 12 шілдеде «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнама мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - б а п т а :

2) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2) және 2-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«2-1) өсімдіктер карантині және фитосанитариялық тәуекелді талдау жөніндегі уәкілетті ұйым (бұдан әрі – уәкілетті ұйым) – өсімдіктер карантині және фитосанитариялық тәуекелді талдау саласында зерттеулер жүргізуге Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген ұйым;

2-2) фитосанитариялық тәуекелді талдау – карантиндік объектілердің (карантиндік зиянды организмдердің) енуі, тамыр алуы немесе таралуы бойынша тәуекелдің басталу ықтималдығын және тиісті фитосанитариялық шараларды қабылдау қажеттілігін айқындау мақсатында биологиялық, ғылыми және экономикалық деректерді талдау

п р о ц е с і ;

2-3) өсімдіктер карантині саласындағы зерттеу – кейіннен фитосанитариялық тәуекелге талдау жасау үшін карантинге жатқызылған өнімді зертханалық сараптау және талдау ; » ;

2) 6-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мекемелер:
у ә к і л е т т і ұ й ы м ;

республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы ; » ;

3) 7 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 6-3) тармақшамен толықтырылсын:

«6-3) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін пестицидтердің (улы химикаттардың) запасын құру тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

24) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«24) уәкілетті ұйымда импорттық себу материалдары мен отырғызылатын материалдардың карантинді объектілерден және бөтен текті түрлерден жасырын залалданған-залалданбағанын зерттеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады және бақылайды ; » ;

4) 7-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«7-1-бап. Өсімдіктер карантинін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мекемелердің функциялары

1. Уәкілетті ұйым және оның филиалдары мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) зертханалық сараптамаға келіп түсетін үлгілердегі карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің түрлік құрамын айқындайды;

2) тексеруге келіп түсетін импорттық себу материалдары мен отырғызылатын материалдардағы жасырын залалдануды анықтайды;

3) карантинді объектілердің және ықтимал қаупі бар зиянды организмдердің фитосанитариялық тәуекелін тұрақты талдауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін карантинге жатқызылған өнімнің фитосанитариялық тәуекеліне тұрақты талдауды жүзеге асырады;

5) Қазақстан Республикасында және басқа мемлекеттерде карантиндік объектілердің болуы мен таралуы, оларға қарсы күрес жөніндегі шаралар мен іс-шаралар туралы мәліметтерді дерекқорға ұсынады;

6) әкелінетін карантинге жатқызылған өнімдерге қойылатын фитосанитариялық талаптарды әзірлеу кезінде әдістемелік көмек көрсетеді;

7) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік

орталығы карантиндік объектілердің таралу ошақтарын анықтайды және олардың таралу шекараларын айқындайды.»;

5) 13-баптың 5-тармағында:
үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор карантинге жатқызылған өнім иелеріне Қазақстан Республикасының өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасын түсіндіреді, экспорттаушы елдің ұлттық карантиндік қызметінің фитосанитариялық сертификатының болуын анықтайды, көлік, карантинге жатқызылған өнім сыртқы тексеріп қарауды жүргізеді, карантиндік зиянкестерді, өсімдіктер ауруларын және арамшөптерді анықтау мақсатында карантинге жатқызылған өнімнен үлгілерді іріктеп алып, оларға сол жерде зерттеу жүргізеді. Қажет болған кезде үлгілер мен объектілер уәкілетті ұйымға объектілердің қандай карантиндік түрге жататынын растауға беріледі.»;

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Ерекше ғылыми немесе өзге де құндылығы бар карантинді объектілермен залалдаған тұқымдар мен отырғызылатын материал олардың иелерінің өтініштері бойынша уәкілетті ұйымға зерттеу үшін беріледі. Карантинді объектілермен залалдану жойылғаннан кейін тұқымдар мен отырғызылатын материал иесіне қайтарылады.»;

6) 13-1-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Зерттеу нәтижелері, сондай-ақ бұл ретте, анықталған зиянкестер, өсімдіктер ауруларының қоздырғыштары мен арамшөптері осы объектілердің карантиндік түрлерге тиістілігін айқындау және растау үшін өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларға жіберіледі. Объектілер анықталмаған жағдайда өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар карантиндік түрлерге тиістілігін растау үшін оларды уәкілетті ұйымға жібереді.»;

7) 18-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«18-бап Өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру

1. Оларға қатысты өсімдіктер карантині бойынша іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлер тізбесіне сәйкес карантиндік зиянкестерді және өсімдіктер ауруларын оқшаулау мен жою жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

2. Оларға қатысты өсімдіктер карантині бойынша іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлер тізбесіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі объектілер мен жер учаскелерінде карантиндік арамшөптерді оқшаулау мен жою жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру меншік иелері мен жер пайдаланушылардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3. Жеке және заңды тұлғалардың меншігіндегі объектілерде, сондай-ақ жер учаскелерінде өсімдіктер карантині бойынша іс-шараларды жүргізу (залалданған карантинге жатқызылған өнімді зарарсыздандыру, техникалық қайта өңдеу, тазарту

және жою, үй-жайлар мен көлік құралдарын зарарсыздандыру және тазарту) меншік иелері мен жер пайдаланушылардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ